

ӘОЖ 343.2.7

Д.Н. Бекежанов

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, заң факультеті қылмыстық құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан, Талдықорған қ.  
E-mail: bek\_dauren@mail.ru

### **Есірткі, жүйкеге әсер ететін зиянды заттарды құқықтық реттеудің мәселелері**

Ғылыми жұмыста есірткі, жүйкеге әсер ететін зиянды заттармен күресу және алдын алудың әдістері қарастырылды. Зерттеу барысында есірткі бизнесі бойынша қазақстандық және шет елдің ғалымдарының пікірлеріне сүйеніп анықтамалар берілді.

*Түйін сөздер:* нашақорлық, есірткі, жүйке, апиын, көкнәр.

D.N. Bekezhanov

### **The human psyche influences problems of legal regulation of drugs as a harmful element**

In this article described about the legal regulation of the drugs and psychotropic substances, which have ruinously affect to the human body. Comprehensive provides a concept of drugs effecting the lives and health a body. Also along with those described by fission of government programs to prevent drug trafficking. Famous foreigners and of Kazakh scientists opinions have been reflected.

*Keywords:* Drug addiction, drug, nerve opium, poppy.

Д.Н. Бекежанов

### **Проблемы правового регулирования наркотических средств как вредный элемент, воздействующий на психику человека**

В данной статье описывается правовое регулирование о Наркотических и иных психотропных средствах, которые пагубно влияют на организм человека. Дается исчерпывающее понятие о наркотических средствах, влияющих на жизнь и здоровье человека. Также на ряду с этим указывается о государственных программах нацеленных на предотвращение наркобизнеса. Отражены мнения известных иностранных, а также казахстанских научных деятелей.

*Ключевые слова:* наркомания, наркотик, нерв, опиумный, мак.

Қазақстан Республикасының Ата Заңында мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары делінген [1]. Қазақстан зиялы, демократиялық және тәуелсіз құқықтық мемлекет ретінде, дүниежүзілік қоғамдастықтың толық құқылы мүшесі бола тұрып, есірткі заттардың заңсыз айналымына қарсы белсенді түрде күрес жүргізуде.

Егеменді еліміздің ертеңгі күнінің ескегін есетін өскелең ұрпақты салауатты өмір салтына

сай тәрбиелеу бүгінгі таңның өзекті мәселесіне айналып отыр. Өмір сүріп отырған органы жақсартып, жастардың теріс құбылысқа бой алдырмауы үшін жан-жақты тәрбие жұмыстарын жүргізіп отыруы қажет. Соңғы жылдары жастар арасында тәртіп бұзушылықтың сан алуан түрі, әсіресе нашақорлыққа қатысты қылмыс қарқын алып барады.

Дана халқымыз салауатты өмір сүруді «Тазалық – саулық негізі, саулық – байлық

негізі» деген мақалымен нақтылаған. Ал жан тазалығының негізі – салауатты өмір сүру. Нашақорлыққа салыну тек жеке адамның денсаулығына ғана зиян келтірмейді, ол қылмысқа апарар бірден-бір жол. Ең қауіптісі сол – ұлттың рухани азғындауына әкеліп соқтырады. Сондай-ақ нашақорлық пен есірткі бизнесінің одан әрі таралуына тиімді мемлекеттік және қоғамдық қарсы әрекет жасау жүйесін құру мақсатында, Қазақстан Республикасында нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрестің мемлекеттік бағдарламасы іске асырылады [2, 104 б.].

«Бизнес» жеке пайдамен және кәсіпкерлік әрекетпен байланысты коммерция, сауда жасау ісі деп түсініледі. Қазіргі таңда түрлі авторлардың есірткі бизнесіне берілген түсініктеріне едәуір пікірталастар болып жатыр.

Нашақорлықтың еліміздің кеңістігінде кеңінен таралуын нақты түсіну үшін, белгілі бір уақыттағы жалпы есірткіге байланысты қылмыстардың динамикасын және оның негізгі құрылымдық көрсеткіштерін, осыған жол беретін себептері мен жағдайларын анықтау керек. Нашақорлықтың жай-күйіне есірткіге байланысты қылмыстардың жоғары латенттілігінің деңгейі мен есірткі топтарының ұйымшылдығы әсер етіп отыр.

Т.Б. Тоқаловтың пайымдауынша, есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстар басқа да тіркелетін қылмыстардың түрлеріне қарағанда ең жоғары латенттілік дәрежеге жетеді. Осы мән-жайлар елімізде есірткі заттардың заңсыз айналымына қарсы әрекеттердің әлі қалыптаспағанын көрсетеді. Сондықтан елімізде есірткі заттардың заңсыз айналымымен жүргізіліп келе жатқан күрес жалпы нашақорлықтың шынайы деңгейін көрсетуді талап етеді. Ол үшін, ең алдымен, латенттіліктің деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін, есірткінің заңсыз айналымымен байланысты қылмыстардың толық және дәлелді ақпараттарын алу керек деген анықтама берді [3, 91].

Ресейлік ғалым В.И. Осиповтың пікіріне сүйенсек, есірткі бизнесі – нәтижесінде заңсыз және өте көп мөлшерде пайда түсіретін есірткі құралдарының немесе адамның сана-сезімін бұзатын химиялық заттардың заңсыз әрекеті. Сонымен қатар есірткі заттардың немесе адамның жүйке жүйесіне әсер ететін химиялық заттардың заңсыз айналымы – есірткі заттарды тасымалдау, иемдену, сақтау.

Н.М. Әбдіров тұжырымдамасы бойынша есірткі заттардың ішкі базарын құрайтын негізгі компоненттердің бірі ретінде құрамында есірткі заттары бар өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді өсіру себеп болып отыр деп тұжырымдама жасады [4, 43].

Есірткі бизнесі мен есірткі заттардың заңсыз айналымының түсінігін салыстыра келе, олардың айырмашылығы мен ұқсастығына назар аударар болсақ, олардың бірден-бір ұқсастығы – халықтың денсаулығына, қоғамдық қауіпсіздікке қарсы бағытталған, пайда табу мақсатында жасалады, ал айырмашылығына келсек, олардың айырмашылығы, есірткі бизнесі тек ұйымдасқан топпен пайда табу мақсатында жасалып, онымен айналысушылар өзінің жеке басына есірткі заттарды тұтынбайды, ал есірткі заттардың заңсыз айналымымен айналысушылар (дайындаушылар, иемденушілер, сақтаушылар, тасымалдаушылар, жөнелтушілер немесе сатушылар) есірткі заттарды өзінің жеке басына тұтыну үшін де сатып алады.

Есірткі – бұл адамның көңіл-күйін, сана-сезімін, мінез-құлқын бұзатын қауіпті, тыйым салынған химиялық зат. Ол адамның есін алып, құмарлық желігіне ұшыратады, нашақор есірткісіз өмір сүре алмайтын бейшара халге түседі. Есірткі – аса қауіпті, айығуы үмітсіз әлеуметтік дерт [5, 17].

Белгілі зерттеушілер (В.Б. Альтшулер, А.В. Надеждин, Н.В. Веселовская, А.Н. Гаранский, А. Данилин, И. Данилина, Н.Н. Ивановец, Т.В. Килименко, А.А. Козлов, А.Е. Коваленко және т.б.) қазіргі заманда есірткінің адам баласына келтіріп отырған ауыр зардаптарын жан-жақты зерттеп, оның қазіргі кезде ең өзекті мәселеге айналғанын дәлелдеп отыр.

Есірткі заттар мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымына байланысты іс-әрекеттер халықтың денсаулығына қарсы қылмыстардың түріне жатады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 259-265-баптарында осы тұрғыдағы қылмыстардың жекелеген түрлері үшін жауаптылық көзделген [6].

«Есірткі заттар, жүйкеге әсер ететін заттар айналымын мемлекеттік реттеудің және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі арнаулы заңымен «Бақылауға жататын есірткілік

заттар, жүйкеге әсер ететін құралдар және прекурсорлар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 наурызда (№186 қаулысымен бекітілген тізім бойынша жүзеге асырылады. Бұл нормативтік актілер 1961 жылғы есірткі заттар туралы бірыңғай Конвенцияға түзетулер жөніндегі 1972 жылғы хаттамаға сәйкес, 1971 жылғы психотроптық заттар туралы Конвенцияға, БҰҰ-ның есірткі заттардың және жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы 1998 жылғы Конвенцияға негізделіп қабылданған.

Аталған заң есірткі заттардың және жүйкеге әсер ететін құралдардың, прекурсорлардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шараларын, сондай-ақ мемлекеттік саясатты құқықтық реттеуді, қоғамдық және мемлекеттік қауіпсіздікті, азаматтардың денсаулығы мен нашақорлыққа түсуі жағдайын реттейді.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі «Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» заңының 1-бабындағы түсінік бойынша:

Есірткілер – есірткі немесе психотроптық заттар ретінде жіктелген, оларды теріс пайдаланғанда туындауы мүмкін зардаптарына байланысты халықтың денсаулығы үшін ықтимал қауіп бар, Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізіміне енгізілген өсімдіктер, заттар немесе препараттар.

Есірткі және психотроптық зат тектестер – құрылымы мен қасиеттері жағынан I, II, III кестелерге енгізілген заттарға ұқсас, еліртетін, күйзелтетін немесе жалған елес күйіне түсіретін, химиялық құрылымы мен қасиеттері бар, оларды теріс пайдаланған кезде халықтың денсаулығы үшін қауіпті және осы заңмен, БҰҰ-ның халықаралық Конвенцияларымен есірткі немесе психотроптық заттар ретінде бекітілмеген шығу тегі синтетикалық немесе табиғи заттар [7].

Жүйкеге әсер ететін заттар – 1971 жылғы «Жүйкеге әсер ететін құралдар туралы» Конвенцияға, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 наурыздағы №186 қаулысына түзетулер жөніндегі 2000 жылғы 1 қарашадағы №1647 қаулысында тізім

жасалып, бақылауға алынған есірткілік заттар, прекурсорлар, синтетикалық немесе табиғи тектес заттар.

Прекурсорлар – Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен, БҰҰ-ның 1988 жылғы «Есірткі заттардың немесе жүйкеге әсер ететін құралдардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы» Конвенцияда, Қазақстан Республикасының заңының тізімінде көрсетіліп, бақылауға алынған есірткілік заттар, жүйкеге әсер ететін құралдар және прекурсорларды өзгерту, дайындау, өндіру кезінде пайдаланылатын заттар.

Есірткі адамның сезімін толықтай жанысыздандырады. Нашақорлар есірткіні көптеп қолданғаннан кейін ағзасы әбден үйреніп, ағзадағы эфория жоғалады да, нашақордың өмір сүру құралы тек есірткі болады.

Есірткі заттардың заңсыз айналымы деп Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 259-бабына сәйкес «Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау, иемденіп алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сатуды» түсінеміз [6].

Апиынды көкнәр және майлы көкнәр (Рауаег) Түркияда, Тәжікстанда, Ауғанстанда, Иранда, Үндістанда өсіріледі. Негізгі өнім, яғни апиын піспеген қорапшасын тілу арқылы алынады, тіліктен сүт тәрізді (латекс) ағып шығады. Одан шикі апиын алынады. Шикі апиыннан бастапқы морфин алынады, бастапқы морфиннен героин өндіруге болады.

Соңғы жылдары Қазақстан Еуропа мен Америка елдеріне заңсыз есірткі заттарды тасымалдаудағы бірден-бір транзиттік «коридор» болып отыр. Республиканың ТМД елдерімен шекаралас жатқан елдері Қазақстан арқылы апиын, героин, каннабисті «Алтын жарты ай» (Ауғанстан, Пәкістан, Иран) және «Алтын үшбұрыш» (Мьянма, Тайланд, Лаос) елдерінен Ресей, Украинаға, Балтық елдерінен Шығыс пен Батыс Еуропаға кетіп жатыр.

Бүгінгі таңда есірткі бизнесі, заңсыз есірткі айналымы мен қылмыс санының өсуінің арасында тікелей байланыс бар деп айтуға болады.

Өкінішке орай, Қазақстандағы есірткі жағдайына халықаралық есірткі бизнесінің ықпалы күннен-күнге күшейіп келе жатыр.

Мысал ретінде, елімізде заңсыз есірткі операцияларын жасағаны үшін шетел азаматтарының (Ауғанстан, Нигерия, Бразилия, Қытай) ұсталуды

соңғы кезде жиіленгенін айтуға болады. Есірткі бизнесімен айналысушылар арасында балалы әйелдер де есірткі тасымалдаушы ретінде пайдаланылады. Бұл қауіпті тәсілмен айналысуға итермелейтін – қазіргі уақыттағы мұң-мұқтаждық, сондай-ақ өсімдік тектес есірткінің шикізат базасы.

Бұған дәлел орасан зор аумақтағы Шу алқабындағы жабайы өсетін зығыр, Алатау баурайында өсетін қырықбуынды талшық және республиканың оңтүстік аймақтарында

құрамында есірткі заттары бар өсімдіктерді заңсыз өсіруге байланысты қылмыстардың кеңінен таралуы [8, 86 б.].

Қорыта келе, есірткі – бұл адамның көңіл-күйін, сана-сезімін, мінез-құлқын бұзатын қауіпті, тыйым салынған химиялық зат. Есірткі – аса қауіпті, айығуы үмітсіз әлеуметтік дерт осы дерттерге шалдығуға жол бермеу және оның алдын алу мақсатында мемлекет тарапынан қолдау көрсетіп, қатаң жазалау қажет.

### Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасы Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген). – Алматы: Жеті Жарғы, 2011. –40 б.
- 2 Назарбаев Н. Ә. Қазақстан-2030. – Алматы, 2001. –104 б.
- 3 Токалов Т.Б. Установления уровня латентности преступлений, связанных с незаконным оборотом наркотиков. – Алматы, 2006. –270 с.
- 4 Абдиров Н.М. Концептуальные проблемы борьбы с наркотизмом в Республике Казахстан . – Алматы: Баспа. – 2004. – 403 с
- 5 Субханбердина Ә.С. Есірткі қазіргі заман келесі. – Алматы: Ғылым. – 2002. –183 б.
- 6 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 1997 жылғы 16 шілдедегі №167 Кодексі (соңғы өзгерістер мен толықтырулар 30.06.10 ж. жағдайы бойынша енгізілген).
- 7 Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі №279-1 Заңы (2006.29.12. берілген өзгерістер мен толықтырулар).
- 8 Смағұлов А.А. Есірткі заттарды тұтынуға көндірумен күрестің қылмыстың құқық және криминалогиялық проблемалары. – Қарағанды, 2005. –529 б.

### References

- 1 Constitution of the Republic Kazakhstan 30 August,1995 year. (Changed and addition are entered). –Almaty: Zheti Zhargu, 2011. – 40 p.
- 2 Nazarbayev N.A.Kazakhstan-2030. – Almaty, 2001. – p.104.
- 3 Tokalov T.B. Establishments of level of a letentnost of the crimes connected with illegal drug trafficking. –Almaty, 2006. – p. 270.
- 4 Abdirov N.M. Conceptual problems of fight against a narkotizm in the Republic of Kazakhstan. –Almaty: Baspa. 2004. – p. 403.
- 5 Sybhanberdina.A.S. Drugs, today's and future era. –Almaty: Gulum. 2002. – p. 183.
- 6 Criminal code of the Republic of Kazakhstan 16 july 1997 year N code 167 (Last changed and addition was entered on a condition according to).
- 7 About Drugs, Psychotropical substances, prekusor their illegal circle and negative use against measure action to the Republic of Kazakhstan of 1998 on July 10 №279-1 (2006.29.12. changed and addition was entered).
- 8 Smagylov.A.A. In drugs substances consumer arrangement of fight of criminal law and criminological problems. – Karaganda, 2005. – p. 529.